

## Ақмола облысы бойынша балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 28 қазандағы № А-10/547 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 5 қарашада № 25014 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы "Білім туралы" Заңының 6-бабы 2-тармағының 8-4) тармақшасына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақмола облысы бойынша балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 01.03.2023 № А-2/69 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақмола облысының әкімі*

*Е.Маржикпаев*

Ақмола облысы әкімдігінің  
2021 жылғы 28 қазандағы  
№ А-10/547 қаулысымен  
бекітілген

## Ақмола облысы бойынша балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы

**Ескерту. Тапсырыс жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 01.03.2023 № А-2/69 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

| № | Қосымша білім беру бағыты | Білім алушылардың және (немесе) тәрбиеленушілердің саны | Бір білім алушыға және (немесе) тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге) |        | Ерекше білім беруді қажет ететін бір білім алушыға және (немесе) тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге) |        |
|---|---------------------------|---|---|--------|--|--------|
|   |                           |   | қала  | ауыл   | қала   | ауыл   |
| 1 | Ғылыми-техникалық         | 3000  | 12 235  | 15 217 | 12 810   | 15 800 |
| 2 | Туризм және өлкетану      | 400   | 12 235  | 15 217 | 12 810   | 15 800 |

|   |                             |      |        |        |        |        |
|---|-----------------------------|------|--------|--------|--------|--------|
| 3 | Экологиялық-биологиялық     | 300  | 12 235 | 15 217 | 12 810 | 15 800 |
| 4 | Көркемдік-эстетикалық       | 1900 | 12 235 | 15 217 | 12 810 | 15 800 |
| 5 | Әлеуметтік-педагогикалық    | 1000 | 12 235 | 15 217 | 12 810 | 15 800 |
| 6 | Гуманитарлық                | 1600 | 12 235 | 15 217 | 12 810 | 15 800 |
| 7 | Жаратылыстану-математикалық | 1600 | 12 235 | 15 217 | 12 810 | 15 800 |
|   | Жиыны:                      | 9800 |        |        |        |        |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК